

**Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының екінші бағыты шеңберінде жобаларды қаржыландыру кезінде бюджеттік кредиттеу шарттарын анықтау туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облыстық әкімдігінің 2011 жылғы 20 қыркүйектегі N 187/8 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 21 қыркүйекте N 3190 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі N 104/4 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012.04.12 N 104/4 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 180-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы ереженің 543-тармағына, Павлодар облыстық мәслихатының (IV сайланған кезектен тыс XXXIII сессиясы) 2011 жылғы 16 наурыздағы "Облыстық мәслихаттың (IV сайланған, XXIX сессиясы) 2010 жылғы 13 желтоқсандағы "2011 - 2013 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" N 324/29 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 355/33 шешіміне сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Бюджеттік кредиттерді берудің 2011 жылға арналған мынадай шарттары белгіленсін :

беру мақсаты - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 316 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) екінші бағыты шеңберінде жобаларды қаржыландыру ;

кредит мөлшері – 370,0 млн. теңге;

кредит валютасы – теңге;

кредитті игеру мерзімі – 2014 жылғы 25 желтоқсанға дейін;

кредит беру мерзімі – 5 жылға дейін, негізгі қарызды өтеудің жеңілдікті кезеңі – 18 айға дейін ;

уәкілетті өңірлік ұйымға кредит ретінде бюджет қаражатын бергені үшін сыйақы мөлшерлемесі – бюджет пайдасына аударуға жататын жылына 2,65 %; уәкілетті өңірлік ұйымымен микроқаржы ұйымына ұсынылатын кредит

бойынша жылдық сыйақы мөлшерлемесін, сондай-ақ Бағдарламаның қатысушысына кредит бойынша ең жоғарғы жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін уәкілетті өңірлік ұйым Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын іске асыру мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның келісімі бойынша б е л г і л е й д і ;

Бағдарламаның бір қатысушысына кредит қаражатын берудің ең жоғарғы сомасы – 3000000 (үш миллион) теңге.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*міндетін атқарушы* *О б л ы с                      ә к і м і н і ң*  
*М. Оспанов*